

А  
ТБІ

Балкани



Түлкінің  
жорықтары

# Түлкі, аю және қойшы

**Б**ір қойшы қой бағып жүрсе, бір түлкіні бір аю қуып келеді екен. Түлкі бір тамға келіп кіреді. Аю да тамға кіремін дегенде тар тесігіне кеудесі сыйып, бөксесі сыймай қалады. Ал, түлкі болса басқа бір тесігінен жылт етіп шығып, айналып есікке жақындайды. Есіктен не әрі, не бері шыға алмай ілініп жатқан аюды түлкі әжуалап, күліп кетеді. Оны қойшы көріп тұрады. Аю әрең дегенде қайта шығып, жан-жағына қарайды. Болған жайды бақылап тұрған қойшыны көреді.



Қойшыға жақындап келіп:

– Е, қойшы, сен не көрдің? – деп ақырады.

Қорқып кеткен қойшы:

– Ойбай, мен ештеңе көрмедім, – деп жауап береді.

– Жарайды. Көргеніңді айтсаң – өлесің! – деп аю кетіп қалады.

Кешке ауылына келген соң, қойшы көргенін кездескен адамдардың бөріне айтады. Ауылдағы бала-шаға осы оқиғаны өлең қылып айтып, күліп жүреді. Мұны естіп, ыза болған аю қой жайып жүрген қойшыны іздеп табады.


– Ештеңе көрмедім, ешкімге айтпаймын деген уәдең қайда? Енді сөзіңде тұрмағаның үшін мен сені жеймін, – дейді аю.

Қойшы:

– Үш күнге рұқсат бер, үй-ішіммен, ағайын-туғанмен қоштасып келейін, – деп сұранады.

– Жарайды. Үш күнге рұқсат берейін, – деп аю кетіп қалады.

Қойшы екі күн үй-ішімен, ағайын-туғанымен қоштасып, уәделескен уақытына бір күн қалғанда, далада жылап отырса, қасына өлгі түлкі келеді.





Түлкі:

– Е, қойшым, неге жылап отырсың? – деп сұрайды.

– Ойбай, осылай да, осылай, бәрі сенің кесірің. Енді өлетін болдым! – деп жауап береді қойшы.

– Е, үндеме, мен саған көмектесейін, аюдан қалай құтылудың амалын табайын. Ал, сен маған не бересің? – дейді түлкі.

Қойшы қуанып:

– Ойбай, не қаласаң, соны берейін! – деп жауап береді.

– Егер мен сені аюдан құтқарсам, сен маған өзіңнің бір бүйрегінді бересің бе? – дейді түлкі қулана.

Қойшы қатты сасады, бірақ басқа амалы болмағандықтан:

– Мейлі, берейін, – деп келіседі.

Сонда түлкі:

– Ауылыңа барып, демал. Ертең осы жерге кел де, аюды күт. Аю келгенде анау жерде шаңды бұрқыратып мен жүрейін. Аю «Анау неткен шаң?» деп сұрар, сонда сен «Ол – ханның баласы. Әйелі аюдың жүрегіне жерік болып, соны іздеп жүр» де.

Аю қорыққанынан қашып кетер, – дейді.

Екеуі уәделесіп, түлкі кетеді. Келесі күні қойшы аюмен кездеседі. Аю алыстан бұрқылдаған шаңды көреді. Аю:

– Қойшым, анау бұрқылдаған не шаң? – деп сұрайды.

– Ол – хан баласының шаңы. Әйелі аюдың жүрегіне жерік болып, соны іздеп жүр! – дейді қойшы.

– Ойбай, қойшым, онда мен тезірек қашайын! Тек мені көргеніңді айтпа, – деп, қаша жөнеледі.

Осыны алыстан байқап, күліп тұрған түлкі аю қаша жөнелісімен қойшының қасына келіп:

– Қойшым, мен саған көмектестім, енді сен уәдеңде тұр. Маған бір бүйрегінді бер, – дейді.

Қойшы қипақтап, жыламсырап белбеуін шешеді. Осы кезде үш күн бойы жөнді ұйықтай алмаған, жөнді тамақ ішпеген қойшының іші шұрылдайды. Түлкі құлағын тіге қойып:

– Бұл не, қыңсылаған? – деп сұрайды.

Сол арада қойшы:

– Түнеу күні бір тазының күшігін жұтқан

едім. Сол енді үлкен тазы болып, ішімнен шығайын деп, қыңсылап жатыр, – депті.

Түлкі қорқып:

– Ойбай, қойшым, ендеше дос болайық. Тазы шығып кетпесін, – деп қаша жөнеліпті.

Міне, түлкіден қулық үйренген қойшы басына туған ауыртпалықтан осылай құтылыпты.



## Түлкінің түсі

**К**үндердің бір күні түлкі түс көреді. «Түс жорығыш» атанған сабалақ сары маймылды іздеп табады.

Өзінің көрген түсін айтады да:

– Мен бақытты боламын ба? – деп сұрайды.

Сары маймыл көзін жыпылықтатып, аузын жыбырлатып аз отырғаннан кейін:

– Жүргенге жөргем ілінеді деген сөз бар. Тоқтамай жорта берсеңіз, «темір бақыт» деген бақыт орнайды екен, – депті.

Түлкі «маған баянды бақыт орнайды екен» деген оймен жортуын молайта түседі. Бір күні өзіне таныс соқпақпен жортып келе жатады. Көзіне анадайдан жем теріп жүрген тауықтар көрініпті.

– Жолым болатын болды. Маймыл әулиеге түсімді жорытқаннан бері құр қайтқан күнім болған жоқ. Бұл жолы да аузыма бірдеңе ілінер, – деп, тауықтарға жақындай береді. Сол сәтте аяғына қақпан сарт ете түседі. Дәл осы кезде кезіге кеткен маймыл әулие:

– Ойпыр-ау, не болған, Түке? – депті.

Жаны қиналған түлкі алқына сөйлеп:

– Әй, қу маймыл-ай, түсімді қате жорып, жортуылымды көбейткен сенсің. Енді мені



Құтқара гөр! – деп жалыныпты.

Сонда маймыл:

– Түс қате жорылған жоқ. «Тепкілесе кетпейтін темір бақ» деген осы, – деп жүріп кетіпті.



## Түлкі мен қырғауыл

**Б**ір түлкі қалың орманды аралап келе жатып, бір ағаштың басында отырған қырғауылды көреді. Жақындап келіп:

– Сәлеметсіз бе, қырғауылым, хал-жағдайыңыз қалай? – дейді.





Қырғауыл:

– Жақсы, өзіңіз қалайсыз? – деп сұрайды.

– Жерге түсіп сөйлессеңіз қайтеді. Бір құлағым естімеуші еді, – дейді түлкі қулана.

– Жерге түсуге қорқамын. Жерде әр түрлі аңдар бар. Бізді жеп қоюы мүмкін, – деп жауап береді қырғауыл.

Түлкі:

– Әй, достым, биылғы заман бұрынғы кезең емес, жаңа бұйрық шығыпты. Біреуге біреу зорлық қылмасын, қой мен қасқыр, түлкі мен тауық бірге жүрсін деген, – дейді.

Қырғауыл:

– Жақсы хабарыңызға рақмет, достым! Мына жақтан аң аулаған иттер келе жатыр. Оларға да хабарыңызды айтыңыз, естісін, – дейді.

Түлкі «ит» деген сөзді естіген соң, алды-артына қарамастан қаша жөнеледі.

Қырғауыл:

– Қайда барасыз, бұйрықты ұмытып кеттіңіз бе? – деп, қашып бара жатқан түлкінің артынан айқайлайды.

– Кім біледі, бұйрықты олар әлі естімеген шығар, – дейді түлкі міңгірлеп.

28



# ТҮЛКІНІҢ ЖОРЫҚТАРЫ

Суретшісі

В. Пономарева

Бас редакторы

К. Байғабылова

Редакторы

Ғ. Момынәлиева

Креативті дизайн мен компьютерлік қалыптауы

«Баур» баспасы

Ә Жәңгіров, Е. Мельникова, С. Қарпықов

ISBN 9965-626-52-9



Балақай - первая серия книг на казахском языке для детей, куда вошли казахские народные сказки, считалки, стихи.

По вопросам оптовой продажи обращаться в торговый отдел издательства «АРУНА». Тел./факс: (3272) 728 411, 728 421

Балақай - балаларға арналған қазақ тіліндегі алғашқы топтама. Топтамаға тақпақтар, санамақтар, халық ертегілері жинақталған.

Көтерме бағамен сатып алу үшін «АРУНА» баспасының сауда бөліміне хабарласу қажет. Тел./факс: (3272) 728 421, 728 411

© «АРУНА» баспасы  
480091, Алматы қаласы,  
Чайковский к-сі, 190/184,  
23-офис.  
E-mail: aruna\_ltd@mail.ru  
- Таралымы 10 000.

«IntellService»  
баспаханасында басылды.